ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Сүт және сүт өнімдері
МАЙДЫҢ ҚҰРАМЫН АНЫҚТАУ
Гравиметриялық әдіс (Бақылау әдісі)

Молоко сухое и сухие молочные продукты
ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ЖИРА
Гравиметрический метод (Контрольный метод)

ҚР СТ ИСО 1736-2009

ISO 1736:2008 Dried milk and dried milk products - determination of fat content – gravimetric method (reference method), IDT

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Сүт және сүт өнімдері

МАЙДЫҢ ҚҰРАМЫН АНЫҚТАУ

Гравиметриялық әдіс (Бақылау әдісі)

ҚР СТ ИСО 1736-2009

ISO 1736:2008 Dried milk and dried milk products - determination of fat content – gravimetric method (reference method), IDT

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны 3-тармақта көрсетілген стандарт аудармасы негізінде **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2009 жылғы 17 тамыздағы № 418-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт мәтін бойынша көлбеу сызықпен бөлінген қосымша талаптары болатын ISO 1736:2008 Dried milk and dried milk products - determination of fat content – gravimetric method (reference method) (Сүт және сүт өнімдері. Майдың құрамын анықтау. Гравиметриялық әдіс (Бақылау әдісі) халықаралық стандартымен бірдей

4 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормалары жүзеге асырылды

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2014 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгерістер мәтіні – ай сайынғы «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандартты қайта қараған немесе ауыстырған (жойған) жағдайда, тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланатын болады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Принцип	3
4	Реактивтер	3
5	Аспаптар	4
6	Сынамаларды іріктеу	5
7	Сынақ үлгісін дайындау	6
8	Өткізу тәртібі	6
9	Нәтижелерді өңдеу	11
10	Дәлдік	11
11	Бақылау нәтижелерін рәсімдеу	12
	А қосымшасы (міндетті) Процедураларға жасалатын ескертпелер	13
	Б қосымшасы (ақпараттық) Бөтелкені жуатын сифон немесе фитингілері болатын майды шайғындау үшін түтікшелер қолданылатын балама процедура	15
	Библиография	19

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Сүт және сүт өнімдері

МАЙДЫҢ ҚҰРАМЫН АНЫҚТАУ

Гравиметриялық әдіс (Бақылау әдісі)

Енгізілген күні 2010-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт сүт және сүт өнімдеріне таралады және майдың массалық үлесін анықтаудың гравиметриялық әдісін (бақылау әдісі) белгілейді. Әдіс сондай-ақ майдың массалық үлесі 40 % және одан артық болатын құрғақ сүт, қаймағы алынған құрғақ сүт, құрғақ сарысу, құрғақ іркіт және майды қаймақты былғағаннан кейінгі құрғақ іріткі үшін қолданылады.

Әдіс мүсәтір спиртінде ерімейтін немесе еркін май қышқылдарындағы қатты түйірлер болатын құрғақ сүтке таралмайды.

ЕСКЕРТПЕ Қатты түйірлер болатын құрғақ сүттегі майдың құрамы *ҚР СТ ИСО 8262-3* сәйкес Вейбул-Бернтроп әдісімен анықталады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 1.9-2007 Қазақстан республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттарды және стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу бойынша нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ҚР СТ 2.4-2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарын салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарының типіне сынақ жүргізу және бекіту тәртібі.

ҚР СТ 2.30-2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Метрологиялық аттестаттау өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75-2009 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жабдығын аттестаттау тәртібі.

ҚР СТ ИСО 8262-3-2009 Сүт өнімдері және сүт негізіндегі тамақ өнімдері. Майдың құрамын Вейбулл-Бернтроптың гравиметриялық әдісімен анықтау (бақылау әдісі). 3-бөлім. Арнайы оқиғалар.

ГОСТ 1770-74 (СЭВ СТ 1247-78, СЭВ СТ 4021-83, СЭВ СТ 4977-85) Зертханалық өлшейтін шыны ыдыс. Цилиндрлер, өлшектер, құтылар, сынауықтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 3622-68 Сүт және сүт өнімдері. Сынамаларды іріктеу және оларды сынаққа дайындау.

ГОСТ ИСО 5725-1-2003 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстық және дәлме-дәлдік). 1-бөлім. Негізгі ережелер мен анықтамалар.

ГОСТ ИСО 5725-2-2003 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстық және дәлме-дәлдік). 2-бөлім. Стандарттық өлшеу әдісінің қайталанғыштығы мен өндірімділігін анықтаудың негізгі әдісі.

ГОСТ ИСО 5725-3-2003 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстық және дәлме-дәлдік). 3-бөлім. Стандарттық өлшеу әдісінің аралық дәлме-дәлдік көрсеткіштері.

ГОСТ ИСО 5725-4-2003 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстық және дәлме-дәлдік). 4-бөлім. Стандарттық өлшеу әдісінің дұрыстығын анықтаудың негізгі әдістері.

ГОСТ ИСО 5725-5-2003 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстық және дәлме-дәлдік). 5-бөлім. Стандарттық өлшеу әдісінің дәлме-дәлдігін анықтаудың балама әдістері.

ГОСТ ИСО 5725-6-2003 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстық және дәлме-дәлдік). 6-бөлім. Практикада дәлдік мәндерін пайдалану.

ГОСТ 24104-2001 Зертханалық таразылар. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 13928-84 Дайындалатын сүт және қаймақ. Қабылдау ережелері, сынамаларды іріктеу әдістері және оларды талдауға дайындау.

ГОСТ 26809-86 Сүт және сүт өнімдері. Қабылдау ережелері, сынамаларды іріктеу әдістері және оларды талдауға дайындау.

ГОСТ 29169-91 Зертханалық шыны ыдыс. Бір таңбалы тамшуыр.

ИСО 3889:2006 Сүт және сүт өнімдері. Майдың құрамын анықтау. Майды шайғындауға арналған Можонье типті құтылар.*

---

* *ҚР СТ 1.9 сәйкес қолдану керек.*

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдаланған кезде, жыл сайын шығатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» атты ақпараттық сілтеме бойынша стандарттар мен жіктегіштердің қолданысын ағымдағы жылғы жай-күйі және ағымдағы жылы жарияланған ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдаланған кезде, ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда сілтеме берілетін ереже осы сілтемеге қатыссыз бөлімде қолданылады.

3 Принцип

Үлгінің жұмыстық бөлігінің аммиакты спирт ерітіндісі диэтилді және петройлейн эфирі қосылып шайғындалады. Еріткіштер айдау немесе булау арқылы жойылады. Шайғындалған зат массасы анықталады.

ЕСКЕРТПЕ Ол әдетте Роуз-Готлибно принципі ретінде белгілі.

4 Реактивтер

4.1 Егер басқа қолдану тәсілі көрсетілмесе, талдамалық тазалығы танылған реагенттерді ғана, тазартылған және минералсызданған немесе балама тазалықтағы суды қолдану керек.

Реагенттер әдіспен белгіленген анықтауларды орындаған кезде, сезілетін тұнбаларсыз болуға тиіс (8.2.2 қараңыз).

4.2 Шамамен 25 % ($\rho_{20} = 910\ г/дм^3$) жуық NH_3 массалық үлесі болатын мүсәтір спирті.

ЕСКЕРТПЕ Егер осы концентрациядағы мүсәтір спиртіне қол жетпейтін болса, онда концентрациясы белгілі барынша концентрирленген ерітінді қолданылуы мүмкін (10.4.2 қарау керек).

4.3 Этанол (C_2H_5OH) немесе көлемдік үлесі, кем дегенде, 94 % метанолмен жарамсызданған этанол. (А.5 тармақшасын қараңыз).

4.4 Қызыл конго ерітіндісі

1 г қызыл конгоны ($C_{32}H_{22}N_6Na_2O_6S_2$) суда 100 $см^3$ бір таңбалы өлшеу құтысында еріту қажет (5.14). Таңбаға дейін су толтыру керек.

ЕСКЕРТПЕ Осы ерітіндіні қолдануға рұқсат етіледі, еріткіш пен су қабаты арасындағы бетті айқын көруге мүмкіндік береді (8.4.4 қарау керек). Басқа индикаторлық су ерітінділері олар анықтау нәтижесіне әсер етпейтін жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

4.5 Антиоксиданттар 2 мг/кг артық болмайтын және бақылау сынағына арналған талаптар сақталатын тотықсыз ($C_2H_5OC_2H_5$) (А.3 тармақшасын қараңыз) диэтил эфирі (8.2.2, А.1 және А.4 тармақшасын қарау керек).

ЕСКЕРТПЕ Диэтил эфирін қолдану қауіпті оқиғаларға әкелуі мүмкін. Қолдану, пайдалану және бақылауға арналған ағымдағы қауіпсіздік шараларын қадағалау керек.

4.6 30°С бастап 60°С дейінгі температурада қайнау аралығы болатын немесе балама ретіндегі петройлейн эфирі, 36 °С температурада қайнау нүктесі болатын және бақылау сынағына арналған талаптар сақталатын пентан ($CH_3[CH_2]_3CH_3$) (8.2.2, А.1 және А.4 тармақшасын қараңыз).

Пентанды пайдалану оның жоғарғы тазалық деңгейі мен біркелкі сапасына байланысты ұсынылады.

4.7 Араластырылған еріткіш

Қолдануға шамалы қалғанда, диэтил эфирі (4.5) мен петройлейн эфирін (4.6) бірдей көлемде араластыру керек.

5 Аспаптар

ЕСКЕРТПЕ Анықтау тез тұтанатын ұшпа еріткіштердің қолданылуын қамтитын болғандықтан, барлық электрлік аспаптарды қолдануда осындай еріткіштерді пайдалануда қауіпті факторларға қатысты нормалар сақталуға тиіс.

5.1 *ГОСТ 24104 бойынша* есептеу мүмкіндігі болатын 1 мг дәлдікпен өлшеуге жарамды талдамалық таразылар.

5.2 Құтыны ұстап тұруға жарамды үйірткі және майды шайғындауға арналған (5.6) және құты немесе түтікшенің сыртқы жағына 80 г бастап 90 г дейін радиалды үдетумен өңдеу кезінде айналу жиілігі 500 мин$^{-1}$ бастап 600 мин$^{-1}$ дейінгі түтікшелер.

Үйірткіні пайдалану қосымша, бірақ ұсынылған болып табылады (8.4.7 қарау керек).

5.3 Айдағыш немесе айдау немесе конус тәрізді құтыдан еріткіштер мен этанолды тазартуға немесе 100 °С аспайтын температурада зертханалық тостаған мен шыныаяқтан булауға арналған тозаңдату қондырғысы (8.4.14 қарау керек).

5.4 (102 ± 2) °С температураны сақтайтын, толығымен ашылатын желдету көзі болатын электрлік қыздыратын кептіру шкафы.

Кептіру шкафына термометр бекітілуге тиіс.

5.5 (65 ± 5) °С температураны ұстауға жарамды су моншасы.

5.6 ИСО 3889 сәйкес майды шайғындауға арналған Можонье типті құтылар.

ЕСКЕРТПЕ Сондай-ақ бөтелкелері жуылатын сифон немесе фитингісі болатын майды шайғындауға арналған түтікшелер қолданылуы ықтимал, бірақ процедура ерекшеленетін болады. Балама процедура Б қосымшасында қарастырылған.

Майды шайғындауға арналған құтылар сапасы жоғары тығынмен немесе қолданылатын реагенттерге әсер етпейтін басқа материалдан жасалған тығындармен жабдықталуға тиіс (мысалы, силикон каучук немесе политетрафторэтилен). Тығындар диэтил эфирі (4.5) қолданылып алынуға, 60

˚С немесе одан артық температурада 15 минуттан кем болмай сақталуға және содан соң олар пайдаланған кезде қанығуы үшін салқын суға салынуы керек.

5.7 Майды (немесе түтікшелерді) шайғындауға арналған құтыларды ұстап тұруға арналған таған (5.6 т.).

5.8 Араластырылған еріткішті қолдану үшін қажетті шаю бөтелкесі (4.7 т.).

Пластмасса шаю бөтелкелері қолданылмауға тиіс.

5.9 Сыйымдылығы 125 $см^3$ және 250 $см^3$ май жинауға арналған ыдыстар, мысалы, айдау құтылары (түбі жалпақ), 250 $см^3$ конус тәрізді құтылар немесе металл табақшалар.

Егер металл табақшалар пайдаланылатын болса, онда олар түбі жалпақ, диаметрі 80 бастап 100 мм дейін және биіктігі шамамен 50 мм тот баспайтын болаттан жасалуы керек.

5.10 Кеуекті емес кәрлен немесе кремний карбидінен жасалған, май болмайтын қайнау процесіне арналған қосалқы құралдар (қосымша, металл табақшалар пайдаланылатын кезде).

5.11 Қарастырылатын сынақ үшін қолданылатын, ГОСТ 1770 бойынша 1-дәлдік класының сыйымдылығы 5 $см^3$ және 25 $см^3$, бір таңбалы өлшеу цилиндрі.

5.12 ГОСТ 29169 бойынша сыйымдылығы 10 $см^3$ өлшемделген тамшуырлар, 1-класс.

5.13 Құты, тостағандар немесе табақшаларды ұстап тұруға арналған металл қысқыштар.

5.14 ГОСТ 1770 бойынша сыйымдылығы 100 $см^3$, бір таңбалы өлшеу құтылары, 1-класс.

5.15 Қолданылатын өлшеу құралдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету тізіміне ҚР СТ 2.21 сәйкес олардың типтерін бекіту немесе оларды ҚР СТ 2.30 сәйкес метрологиялық аттестаттау нәтижелері бойынша енгізілуге және ҚР СТ 2.4 сәйкес тексерілуге тиіс. Сынақ жабдығы ҚР СТ 2.75 сәйкес аттестатталуы қажет.

6 Сынамаларды іріктеу

Сүт және сүт өнімдерінің сынамаларын іріктеу және оларды талдауға дайындау – *ГОСТ 3622, ГОСТ 13928, ГОСТ 26809* бойынша. Сынамалар іріктеудің ұсынылатын әдісі [1] қарастырылған.

Зертханалық үлгілерді 2 ˚С бастап 6 ˚С дейінгі температурада үлгілерді іріктеу уақытынан бастап процедураны бастау уақытына дейін сақтау керек.

7 Сынақ үлгісін дайындау

Сынақ үлгісін мұқият араластыру керек. Егер қажет болса, ішіндегі сынақ үлгісін бәрін көлемі шамамен осы процедураны орындауға арналған сынақ үлгісінен екі есе үлкен ауа өткізбейтін жүксауытқа салу керек.

8 Өткізу тәртібі

ЕСКЕРТПЕ 1 Егер қайталану шегінің сәйкестігін тексеру қажет болса, онда екі бөлек анықтауды 8.1 - 8.4 сәйкес орындау керек.

ЕСКЕРТПЕ 2 Бөтелкелері жуылатын сифон немесе фитингілері болатын майды шайғындауға арналған түтікшеге қолданылатын балама процедура Б қосымшасында берілген.

8.1 Үлгінің жұмыстық бөлігі

Сынақ үлгісін абайлап араластыру қажет. Төменде берілген үлгінің жұмыстық бөлігінің біреуін майды шайғындауға арналған құтыда (5.6 қараңыз) 1 мг дейінгі дәлдікпен бірден өлшеу қажет:

- май, құрғақ табиғи сүт немесе сарысудың жоғары құрамы болатын шамамен 1,000 г құрғақ сүт;
- шамамен 1,500 г қаймағы жартылай алынған құрғақ сүт;
- шамамен 1,500 г қаймағы алынған құрғақ сүт;
- шамамен 1,500 г құрғақ сарысу;
- шамамен 1,500 г құрғақ іркіт.

Үлгінің жұмыстық бөлігін мүмкіндігінше майды шайғындауға арналған құтының төменгі бөлігіне толық салу керек.

8.2 Бақылау сынақтары

8.2.1 Әдіске арналған бақылау сынақтары

Бақылау сынағын осындай реактивтер мен процедураларды қолдана отырып, бірақ 8.4.1 үлгінің ыдырағыш жұмыстық бөліктерін 10 $см^3$ суға (А.2 қараңыз) ауыстыра отырып, анықтаумен бір мезгілде орындау керек.

Жеке үлгілердің дәл осындай жағдайы болмайтын сынақ үлгілерінің тобынан бастапқы бір үлгі пайдаланылған кезде, нәтижені есептеу кезінде қолданылатын бақылау сынағының мәнін алуға арналған процедураның жеке сынақ үлгісіне сәйкес келуін қамтамасыз ету қажет.

Егер бақылау сынағында алынған мәні 1,0 мг үнемі асатын болса, егер бұл жақын арада іске асырылған болса, реактивтерді тексеру қажет (8.2.2 қараңыз). 2,5 мг артық түзетулер сынақ хаттамасында көрсетілуге тиіс.

8.2.2 Реактивтерге арналған бақылау сынағы

Реактивтер сапасын тексеру үшін, массаны бақылау үшін тағайындалатын 8.3 берілген бақылау сынағын орындау керек. Реактивтерде 1,0 мг асатын тұнба құрамы болмауға тиіс (А.1 тармағын қараңыз).

Егер реактивтің аяқталған бақылау сынағының тұнбасы 1,0 мг артық болып құралса, 100 $см^3$ диэтил эфирін (4.5 қараңыз) және петройлейн эфирін

(4.6 қараңыз) жеке айдауда еріткіштер тұнбасын анықтау қажет. 1,0 мг аспауға тиіс тұнбаның нақты массасын алу үшін бақылап тағайындалып дайындалған май жинауға арналған бос ыдысты пайдалану керек .

Кейбір жағдайларда, еріткіштердің майда ныгыздалып қалатын ұшпа заттары болуы мүмкін. Егер олар осындай заттардың болуының көрсеткіштері болып табылса, барлық реактивтерге және әрбір еріткіш үшін 1,0 г сусыз сүт майын жинауға арналған ыдысты қолдана отырып бақылау сынақтарын орындау қажет. Егер қажет болса, 100 $см^3$ еріткіште 1 г сусыз сүт майы болған кезде қайта айдалған еріткіштер. Еріткіштерді қайта айдаудан кейін бірден пайдалану қажет.

Сәйкес келмейтін реактивтер мен еріткіштерді ауыстыру немесе еріткіштерді айдауды қайта өткізу керек.

8.3 Май жинауға арналған ыдысты әзірлеу

Май жинауға арналған ыдысты (5.9 қараңыз) 102 °С температурада кептіру шкафында 1 сағат қайнау процесіне арналған бірнеше қосалқы құралдармен (5.10 қараңыз) кептіру қажет.

ЕСКЕРТПЕ Қайнау процесіне арналған қосалқы құралдар еріткіштерді кезекті ұсақтау уақытында қалыпты қайнауға көмектеседі, әсіресе, май жинауға арналған шыны ыдыстар қолданған кезде; оларды қолдану металл табақшаларға қосымша болып табылады.

Май жинауға арналған ыдысты шаң түспес үшін жауып, 18°С бастап 23°С дейінгі температурада салқындатып қояды (май жинауға арналған шыны ыдысты 1 сағаттан кем етпей, металл табақшаларды – 30 минуттан кем етпей салқындатады).

Ұзақ кезеңде толық салқындамау немесе шамадан тыс салқындауды болдырмас үшін, май жинауға арналған ыдыс кептіру пешінде болуға тиіс.

Май жинауға арналған ыдысты таразыға қою үшін қысқыштарды пайдалану керек (5.13 қараңыз). Май жинауға арналған ыдысты 1,0 мг дейінгі дәлдікпен өлшеу қажет.

8.4 Анықтау

8.4.1 Анықтауды кідіртпей іске асыру керек. (65 ± 5) °С температурада алдын ала жылытылған 10 $см^3$ суды 10 $см^3$ көлем алу үшін май шайғындауға арналған құтыдағы (8.1 қараңыз) үлгінің жұмыстық бөлігіне қосу керек. Май шайғындауға арналған құтының кішкене бөлшегінде үлгінің жұмыстық бөлігін шаюға арналған суды пайдалану қажет. Үлгінің жұмыстық бөлігін жұмыстық бөлік шашырамайтын болғанша мұқият араластыру қажет.

8.4.2 Үлгінің жұмыстық бөлігіне (8.4.1) немесе барынша қоюлатылған мүсәтір спиртінің балама көлеміне (4.1 т. ескертпесін қараңыз) 2 $см^3$ мүсәтір спиртін (4.1 қараңыз) қосу керек. Май шайғындауға арналған құтының кішкене бөлшегінде үлгінің жұмыстық бөлігін мұқият араластыру керек.

8.4.3 Су моншасында абайлап шайқай отырып, 15 бастап 20 минутқа дейін құтыны (65 ± 5) °С дейін қыздыру керек. Ағынды суда 18 °С бастап 23 °С дейінгі температурада суыту қажет.

8.4.4 10 $см^3$ этанол (4.2 қараңыз) қосу керек. Май шайғындауға арналған құтының ішіндегісінің үлкен және кіші бөлік арасында артқа және алға ақпауы үшін, ақырын, бірақ мұқият араластыру қажет. Ішіндегісінің құтының мойнына жақындауын болдырмау керек. Қызыл конгоның 2 тамшысын қосуға болады (5.3 қараңыз).

8.4.5 25 $см^3$ диэтил спиртін (4.4 қараңыз) қосу керек. Май шағындауға арналған құтыны суға қанықкан тығынмен немесе суға батырылған басқа материалдардан жасалған тығынмен жабады (5.6 қараңыз). Құтыны 1 минуттай тұрақты кіреукенің түзілуін болдырмас үшін шайқау керек.

8.4.6 5 $см^3$ петройлейн эфирін қосу керек (4.5 қараңыз). Май шайғындауға арналған құтыны суға батырылған тығынмен жабады. 8.4.4 қарастырылғандай, 30 с жуық абайлап араластыру керек. 8.4.5 белгіленгендей етіп шайқауды жалғастырады.

8.4.7 Май шайғындауға арналған жабық құтыны 1 минуттан бастап 5 минутқа дейін 80 $м/с^2$ бастап 90 $м/с^2$ дейін радиалды үдетуде үйірткілеу қажет. Егер үйірткілеуге (5.2 қараңыз) рұқсат етілмесе, құтыны тағанда (5.7 қараңыз) қалқып шығатын қабаты анық болғанша және су қабатынан көрініп бөлінгенше 30 минутқа қойып қою қажет. Егер қажет болса, құтыны ағынды суда 18 °С бастап 23 °С дейінгі температураға дейін салқындату керек.

8.4.8 Құтыны абайлап шығарып алып, оны және май шайғындауға арналған құтының мойнын шамалы араластырылған еріткішпен жуу керек (4.6 қараңыз). Жуу ағынының құтыға кетуі үшін шаюға арналған бөтелкені пайдалану керек. Егер бөлу шекарасы құты өзегінен төмен болса, оны оны құты қабырғасында қосылған судың деңгейін көтере отырып (1-суретті қараңыз), еріткіштің ағуын оңайлата отырып шамалы көтеру керек.

8.4.9 Май шайғындауға арналған құтыны шар тәрізді кішкентай бөлшекпен ұстау керек және қайнауға арналған ыдыста немесе конус тәрізді құтыда (қосымша металл шыныаяқпен) қайнату процесіне арналған бірнеше қосалқы заттар (5.10 қараңыз) болатын май жинау үшін дайындалған ыдысқа (8.3 қараңыз) қалқып шығатын бетін барынша көп толық құю керек. Су қабатының құйылуын болдырмау керек (2-суретті қарау керек).



1 – еріткіш,
2 – бөлік беті,
3 – су қабаты,
[a] - екінші және үшінші шайғындау кезінде,
[b] - бірінші және екінші шайғындау кезінде

1-сурет – Құйғанға дейін



1 – бөліктің беті,
2 – су қабаты,
[a] - екінші және үшінші шайғындау кезінде,
[b] - бірінші және екінші шайғындау кезінде

2-сурет – Құйғаннан кейін

8.4.10 Май шайғындауға арналған құты мойнының сыртқы бөлігін араласқан еріткіштің шамалы мөлшерімен шаю керек (4.6 қараңыз). Пайдаланылған араластырылған еріткішті шайғаннан кейін май шайғындауға арналған ыдысқа жинау керек. Араласқан еріткіш май шайғындауға арналған құтының сыртына ақпауы керек. Еріткіш немесе оның бөлігін май жинауға арналған ыдыстан 8.4.14 белгіленгендей, айдап немесе булап кетіруге болады.

8.4.11 5 $см^3$ этанолды (4.2 қараңыз) май шайғындауға арналған құтының ішіндегісіне қосу қажет. Этанолды қолдана отырып, құты мойнының ішкі бөлігін шаяды және 8.4.4 белгіленгендей араластырады.

8.4.12 Екінші шайғындауды 8.4.5-8.4.9 т.т. қарастырылғандай жүйелілікпен орындау керек. 25 $см^3$ орнына 15 $см^3$ диэтил эфирін (4.4 қараңыз) және 15 $см^3$ петройлейн эфирін (4.5 қараңыз) ғана пайдалану қажет. Диэтил спиртін қолдану арқылы май шайғындауға арналған құты мойнының ішкі қабырғасын шаяды.

Қажет болған кезде бөліктің бетін құтының қабырғасы бойынша суды абайлап қоса отырып (1-суретті қараңыз), оның құйылып бітуіне мүмкіндік бере отырып, еріткіштің ағуын оңайлатып, құты өзегінің ортасына дейін шамалы көтерген дұрыс (2-суретті қараңыз).

8.4.13 8.4.5 - 8.4.9 т.т. қарастырылған процестерді қайталап, үшінші шайғындауды этанол қоспай орындау қажет. 15 $см^3$ диэтил эфирін (4.5

қараңыз) және 15 $см^3$ петройлейн эфирін (4.6 қараңыз) ғана пайдалану керек. Диэтил спиртін қолдану арқылы май шайғындауға арналған құты мойнының ішкі қабырғасын шаяды.

Қажет болған кезде бөліктің бетін құтының қабырғасы бойынша суды абайлап қоса отырып (1-суретті қараңыз), оның құйылып бітуіне мүмкіндік бере отырып, еріткіштің ағуын оңайлатып, құты өзегінің ортасына дейін шамалы көтерген дұрыс (2-суретті қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ Үшінші шайғындау майдың массалық үлесі 5 %-дан кем болатын өнімдер үшін өткізілуі мүмкін.

8.4.14 Еріткіштерді (этанолды қоса алғанда) айдау немесе конус тәрізді құтыны қолдана отырып айдау кезінде немесе зертханалық тостаған немесе шыныаяқты (5.3 қараңыз) қолдана отырып булау кезінде май жинауға арналған ыдыстан мүмкіндігінше толығымен жоюға болады. Айдау немесе конус тәрізді құты мойнының ішкі бөлігін айдауды бастағанша, араластырылған ерітіндімен (4.5 қараңыз) шаю қажет.

8.4.15 Май жинауға арналған ыдысты оның бүйірінде орнатылған айдау немесе конус тәрізді құты арқылы қыздыру керек, еріткішке 102 °С температурада орнатылған кептіру шкафында (5.4 қараңыз) бір сағат ішінде будан босатуға мүмкіндік жасау керек. Май жинауға арналған ыдысты алып, майдың бұлдыр немесе мөлдір екенін бірден тексеру қажет. Егер май бұлдыр болса, онда қосылатын майлы заттың болатыны болжанады да барлық процедура қайта орындалуға тиіс. Егер май мөлдір болса, май жинауға арналған ыдысты шаң түспес үшін жауып, 18 °С бастап 23 °С температураға дейін салқындатып (кептіру шкафында болмағаны дұрыс) қою керек (май жинауға арналған шыны ыдыс 1 сағат, металл шыныаяқ 30 минут).

Май жинауға арналған ыдысты өлшеу алдында тікелей сүртпеу керек. Май жинауға арналған ыдысты таразыға ауыстыру үшін қысқыштарды пайдаланған дұрыс (5.13 қараңыз). Май жинауға арналған ыдысты 1,0 мг дейінгі дәлдікпен өлшеу керек.

8.4.16 Май жинауға арналған ыдысты айдау немесе конус тәрізді құты арқылы 102 °С температурада белгіленген 30 минутта кептіру шкафында (5.4 қараңыз) еріткіштің будан босауына мүмкіндік бере отырып қыздыру қажет. 8.4.15 белгіленгендей суытып өлшеу керек. Қажет болған кезде, май жинауға арналған ыдыстың массасы кезекті екі өлшеу арасында 1,0 мг азайғанша не кемігенше немесе артқанша қыздыру және өлшеу процесін қайталау керек. Минималды массаны май жинауға арналған ыдыстың және шайғындау затының массасы ретінде тіркеу керек.

9 Нәтижелерді өңдеу

9.1 Есептеу

Пайыздық массалық үлес ретінде өрнектелген май құрамын w_f, (1) формула бойынша есептеу қажет:

$$w_f = \frac{(m_1 - m_2) - (m_3 - m_4)}{m_0} \times 100 \quad (1)$$

мұндағы m_0 - үлгінің жұмыстық бөлігінің массасы (8.1), г;

m_1 - 8.4.16 белгіленген май жинауға және шайғындау затына арналған ыдыс массасы, г;

m_2 - май жинау үшін дайындалған ыдыс массасы (8.3), г;

m_3 - 8.4.16 белгіленген шайғындау затына және бақылау сынағы үшін пайдаланылатын май жинауға арналған ыдыс (9.2) массасы, г;

m_4 - бақылау сынағында пайдаланылатын май жинауға арналған ыдыс (8.3) массасы (8.2), г.

9.2 Нәтижелерді өрнектеу

Нәтижені екі ондық белгіге дейін дөңгелектеу керек.

10 Дәлдік

10.1 Зертханааралық сынақ

Зертханааралық сынақ бөлшектері *ГОСТ ИСО 5725-1, ГОСТ 5725-2, ГОСТ ИСО 5725-3, ГОСТ 5725-4, ГОСТ ИСО 5725-5, ГОСТ ИСО 5725-6* талаптарына сәйкес. Қайталанғыштық және өндірімділік шектеулеріне арналған мәндер ықтимал 95 % деңгей үшін өрнектелген және ұсынылғандардан басқа концентрациялар мен матрицалар аралығында қолданыла алмайды.

10.2 Қайталанғыштық

Қысқа уақыт аралығында бір жабдықты пайдалану кезінде бір зертханашының бір зертханада бірдей сынақ материалында бірдей әдіс арқылы алған бірыңғай тәуелсіз екі сынақ нәтижелері арасындағы абсолют айырма 5 %-дан артық болмайтын жағдайда асатын болады:

а) май құрамы жоғары құрғақ сүт үшін және құрғақ табиғи сүт үшін 0,20 %;

б) қаймағы жартылай алынған құрғақ сүт үшін 0,15 %;

в) қаймағы алынған құрғақ сүт және құрғақ сарысу үшін 0,15 %.

10.3 Өндірімділік

Түрлі жабдықты пайдалану кезінде түрлі зертханашының түрлі зертханаларда бірдей сыналатын материалда бірдей сынақ материалында бірдей әдіс арқылы алған бірыңғай тәуелсіз екі сынақ нәтижелері арасындағы абсолют айырма 5 %-дан артық болмайтын жағдайда асатын болады:

а) май құрамы жоғары құрғақ сүт үшін және құрғақ табиғи сүт үшін 0,30 %;

б) қаймағы жартылай алынған құрғақ сүт үшін 0,25 %;

в) қаймағы алынған құрғақ сүт және құрғақ сарысу үшін 0,20 %.

11 Бақылау нәтижелерін рәсімдеу

Сынақ хаттамасында мынадай ақпарат қамтылуы керек:

а) үлгіні түпкілікті идентификациялау үшін қажетті барлық ақпарат;

б) егер белгілі болса, үлгілерді іріктеудің қолданылатын әдісі;

в) осы стандартқа жасалатын сілтемемен қолданылатын сынақ әдісі;

г) осы стандартта белгіленбеген немесе нәтижелерге әсер етуі мүмкін кез келген жағдай мәнісімен бірге қосымша болып саналатын барлық оперативті бөлшектер;

д) егер әдіске арналған бақылау сынағында 2,5 мг артық мән алынған болса, жасалған түзетулер;

е) сынақ нәтижелері.

А қосымшасы
(міндетті)

Процедураларға жасалатын ескертпелер

А.1 Реактивтерді тексеруге арналған бақылау сынағы (8.2.2 қараңыз)

Осы бақылау сынағында май жинауға арналған ыдыс май жинауға арналған ыдыстың температурасын өлшеу немесе әсер ету үшін бөлменің атмосфералық жағдайында өзгертудің реактивтер шайғынында ұшпайтын заттың болуын немесе болмауын дұрыс көрсетпеуі үшін қолданылады. Осы май жинауға арналған ыдыс екі табақшалы таразыны қолданған жағдайда салмаққа қарсы ыдыс ретінде қолданыла алады. Басқаша бақылауға арналған май жинау ыдысының массасының ауытқуы (9.1 $m_4 - m_3$), егер бақылау сынағы үшін қолданылатын май жинауға арналған ыдыс массасы тексерілетін болса қарастырылуға тиіс. Демек, бақылауға арналған май жинау ыдысының біріктірілген масса бойынша өзгерісі массаның 1,0 мг артық артуын көрсетпеуге тиіс.

Еріткіштерде май құрамында берік сақталатын ұшпа заттар құрамының болуы өте сирек. Егер олар осындай заттардың болу көрсеткіштері болып табылатын болса, онда 1 г сусыз сүт майы болатын май жинауға арналған ыдысты қолдана отырып, барлық реактивтерге және әрбір еріткіш бойынша бақылау сынағын орындау қажет. Талап бойынша, 100 $см^3$ еріткіште 1 г сусыз сүт майы болған кезде қайта айдауға түсіру керек. Еріткіштерді екінші рет айдаудан кейін тез пайдалану қажет.

А.2 Анықтаумен бірге бір мезгілде орындалған бақылау сынағы (8.2.1 қараңыз)

Бақылау сынағында анықтаумен бір мезгілде орындалып алынған мән үлгінің жұмыстық бөлігінен шайғындалған заттың біріктірілген массасын ($m_1 - m_2$) бойынша реактивтерден шығатын қандай да бір ұшпа зат болған кезде, сондай-ақ өлшеуге арналған бөлмеде атмосфералық жағдайдың қандай да бір өзгерісі және май жинауға арналған ыдыс пен екі өлшеу (8.4.16 және 8.3) арасында жүргізілетін өлшеуге арналған бөлменің арасындағы температураның кейбір айырмасы кезінде түзетуге мүмкіндік береді (.

Мән қолайлы жағдайда (реактивтерде бақылау сынағындағы төмен мән, өлшеуге арналған бөлменің тұрақты температурасы, май жинауға арналған ыдысты тиісті салқындату уақыты) әдетте 1,0 мг қарағанда кем көрсететін болады және содан соң әдеттегі өлшеу кезінде қателік жіберуі мүмкін. Сондай-ақ 2,5 мг дейінгі артық мардымсыз мәндер (оң және теріс) жиі кездеседі. Осы мәндерді түзеткеннен кейін нәтижелер дәл болады. 2,5 артық түзетулер сынақ хаттамасында берілуге тиіс (11-бөлім).

Егер осы бақылау сынағында алынған мәндер 1,0 мг асатын болса, онда реактивтерді тексеру қажет, егер бұл соңғы уақытта жасалмаған болса.

Қандай да бір бүлінген реактивтер немесе пайдаланылған реактивтер ауыстырылуға немесе өңделуге тиіс (8.2.2 және А.1 тармағын қараңыз).

А.3 Тотығуын сынау

Тотығуын сынау үшін алдын ала эфирмен шайылған тығыз қиюластырылған тығыны болатын кішкентай цилиндрдегі 10 $см^3$ диэтил эфиріне (4.5) дайындалған 100 г/$дм^3$ калий иодиді ерітіндісінің 1 $см^3$ қосу керек. Цилиндрді шайқап, 1 минут қойып қою керек. Диэтил спиртінің жұқа қабатында сары түс болмауы керек.

Тотығуын сынаудың басқа тәсілдері пайдаланылуы мүмкін.

Диэтил спиртінің бос екендігіне кепілдік беру үшін, диэтил эфирін, кем дегенде, төменде берілген әдіс бойынша қолданғанға дейін үш күн өңдеу қажет.

Мырыш жұқалтырды шамамен 8000 $мм^2$ және диэтил эфирінің литріне пайдалана отырып, диэтил эфирі құйылған бөтелкенің жарты айналымын қамтитындай жолақтармен кесу керек.

Қолданғанға дейін, жұқалтырдан жасалған жолақтарды литріне 10 г мыс сульфатының (II) пентагидраты ($CuSo_4 5H_2O$) және 2 $см^3$ концентрирленген күкірт қышқылы (массалық үлесі 98 %) болатын ерітіндіге 1 минутқа толық батыру қажет. Мыс жағылған ылғалды жолақтарды толық сумен абайлап шайып, ішіне диэтил спирті құйылған бөтелкеге салып, жолақтарды бөтелкеде қалдыру керек.

Олардың анықтау нәтижесіне әсер етпейтініне кепілдік беретін басқа әдістер пайдаланылуы мүмкін.

А.4 Антиоксиданттар болатын диэтил эфирі

Бір килограмында 1 мг антиоксидант болатын диэтил эфирі май құрамын анықтау кезінде ерекшелігімен кейбір елдерде рұқсат етілген болып табылады. Осы құрамы оның эталондық тағайындалым үшін қолданылуын болдырмайды.

Басқа елдерде антиоксидант құрамы жоғары болатын диэтил эфиріне 7 мг/кг дейін рұқсат етілетін болы табылады. Мұндай эфир антиоксидантты тұнба нәтижесінде жүйелік қателерді түзетуге арналған анықтаумен бір мезгілде орындалған міндетті бақылау сынағының әдеттегі анықтаулары үшін ғана қолданылуға тиіс. Эталондық тағайындалым үшін, мұндай диэтил эфирі қашанда пайдалануға дейін айдалуға тиіс.

А.5 Этанол

Метанол қосқан кездегіге қарағанда, өзгеше тәсілмен жарамсызданатын этанол денатуранттың анықтау нәтижелеріне әсер етпейтініне кепілдік берілгенде қолданыла алады.

Б қосымшасы
(ақпараттық)

Бөтелкені жуатын сифон немесе фитингілері болатын майды шайғындау үшін түтікшелер қолданылатын балама процедура

Б.1 Жалпы қолданыс

Егер бөтелкені жуатын сифон немесе фитингілері болатын майды шайғындауға арналған түтікшелер қолданылатын болса, онда осы қосымшада белгіленген процедураны пайдалану қажет. Түтікшелер тығындармен немесе 5.6 құтылар үшін қарастырылғандай сапасы жақсы тығындармен жабдықталуы керек (үлгі ретінде Б.1 суретін қараңыз).

Б.2 Процедура

Б.2.1 Сынақ үлгісін дайындау

7-бөлімді қараңыз.

Б.2.2 Үлгінің жұмыстық бөлігі

8.1 белгіленгендей жалғастыру керек, бірақ май шайғындауға арналған түтікшелерді пайдаланып (5.6 ескертпені және Б.1 суретін қараңыз).

Үлгінің жұмыстық бөлігін май шайғындауға арналған түтікшенің мүмкіндігінше төменгі бөлігіне дейін орналастыру керек.

Б.2.3 Бақылау сынағы

8.2 және А.2 тармағын қараңыз.

Б.2.4 Май жинауға арналған ыдысты дайындау

8.3 қарау керек.

Б.2.5 Анықтау

Б.2.5.1 Анықтауды кідіріссіз іске асыру керек.

(65 ± 5) °С температураға дейін жылытылған 10 $см^3$ суды май шайғындауға арналған түтікшедегі (Б.2.2) үлгінің жұмыстық бөлігіне құбырдың төменгі бөлігіндегі үлгінің жұмыстық бөлігін шаю үшін қосу қажет. Әбден араластыру керек.

Б.2.5.2 2 $см^3$ мүсәтір спиртін (4.2) шайғындауға арналған түтікшедегі (Б.2.1) үлгінің жұмыстық бөлігіне немесе мүсәтір спиртінің барынша қойытылған ерітіндісінің балама мөлшеріне қосу керек (4.2 арналған ескертпені қараңыз). Май шайғындауға арналған түтікшенің төменгі бөлігіндегі алдын ала өңделген үлгі бөлігімен мұқият араластыру қажет.

Б.2.5.3 Түтікшені су моншасында (5.5) 15 бастап 20 минутқа дейін араластыра отырып (65 ± 5) °С температураға дейін қыздыру керек. 18 °С бастап 23 °С температураға дейін ағынды суда суыту қажет.

Б.2.5.4 Этанол (4.3) қосу керек. Абайлап араластыру керек, бірақ май шайғындауға арналған түтікшенің төменгі бөлігінде сапыра отырып. Қалауынша қызыл конго ерітіндісінің 2 тамшысын қосуға болады (4.3).

Өлшемдері миллиметрмен





а) сифонды фитингпен б) бөтелкені жуатын фитингісімен

[а] - фитингілері алынған осы деңгейге дейінгі сыйымдылығы (105 ± 5) см^3.

[б] - қабырғаның қалыңдығы (1,5 ± 0,5) мм.

Б.1 суреті

Б.2.5.5 25 см^3 диэтил эфирін (4.5) қосу керек. Суға батырылған басқа материалдан жасалған тығынмен немесе суға қанықтырылған қыртысты тығынмен май шайғындауға арналған түтікшені жабу керек (5.6). түтікшені қатты сілку керек, бірақ берік кіреукенің түзілуін болдырмас үшін, 1 минутта қайталанатын қарсы айналдыратын ынтамен жасамау керек. Түтікшені

қажетінше ағынды суда суыту керек. Тығынды толық алып, оны және аралас ерітіндісі болатын түтікше мойнын шаю қажет (4.7). түтікше ішін шаю үшін шаю бөтелкесін (5.8) пайдалану қажет.

Б.2.5.6 25 $см^3$ петройлейн эфирін (4.6) қосады. Суға батырылған тығынмен май шайғындауға арналған түтікшені жабады. Түтікшені Б.2.5.5 сипатталған сияқты 30 секунд абайлап сілку керек.

Б.2.5.7 Майды шайғындауға арналған жабық түтікшені 1 бастап 5 минутқа дейін 80 бастап 90 $м/с^2$ дейін радиалды үдетуде үйірткілеу керек. Егер үйіртқіге рұқсат етілмесе (5.2), құтыны тағанда (5.7) қалқып шығатын қабат айқын болғанша және су қабатынан елеулі түрде бөлінгенше 30 минутқа қалдыру қажет. Егер қажет болса, құтыны ағынды суда 18 ˚С бастап 23 ˚С температураға дейін салқындату керек.

Б.2.5.8 Тығынды абайлап алып, оны және май шайғындауға арналған құты мойнының ішкі бөлігін шамалы араласқан ерітіндімен шаю керек (4.6). шаю ағыны құтыға бағытталу үшін шаюға арналған бөтелкені пайдалану қажет.

Б.2.5.9 Сифонды фитинг немесе бөтелке жуатын фитингіні май шайғындауға арналған түтікке салу керек. Фитингінің ішкі ұзын межебалдағын кіріс тесігі қабаттар арасындағы бөлік бетінен шамамен 4 мм болғанша итереді. Фитингінің ішкі межебалдағы май шайғындауға арналған түтікше осіне параллель болуы керек.

Қылқып шығатын қабатты май шайғындауға арналған түтікшеден айдау және конус тәрізді құтыларға (қосымша металл табақшалармен) қатысты қайнау процесіне арналған бірнеше қосалқы заттары (5.10) болатын май жинауға арналған ыдысқа (8.3 қарау керек) толық ауыстыру керек. Су қабатының төгілуін болдырмау керек. Фитингінің кіріс тесігін май жинауға арналған ыдысқа жиналған шамалы араласқан ерітіндімен шаю қажет.

ЕСКЕРТПЕ Қалқып шығатын қабат, мысалы, қысыммен қосылып қысқа өзекке бекітілген резеңке үрімше пайдаланылып, май шайғындауға арналған түтікшеден ауыстырылуы мүмкін.

Б.2.5.10 Фитингіні май шайғындауға арналған түтікше мойнынан қайта босату керек. Фитингіні аздап көтеріп, оның ішкі ұзын межебалдағының төменгі бөлігін араласқан еріткішпен шаю қажет (4.7). фитингіні түсіріп қайта қойып, май жинауға арналған ыдысқа шаюға құю керек.

Май жинауға арналған ыдысқа шаюға жинай отырып, араласқан ерітіндімен фитингінің өтетін жерін шаяды. Қалауынша еріткіш немесе оның бөліктерін май жинауға арналған ыдыстан 8.4.14 белгіленгендей, айдау немесе булау арқылы жою керек.

Б.2.5.11 Фитингінің мойнын қайтадан босату керек. Фитингіні аздап көтеріп, майды шайғындауға арналған түтікше ішіндегісіне 5 $см^3$ этанол қосу керек. Б.2.5.4 сипатталатындай етіп араластырады.

Б.2.5.12 Екінші шайғындауды Б.2.5.5 - Б.2.5.10 қарастырылған процестерді қайталап орындайды. 25 $см^3$ орнына 15 $см^3$ диэтил эфирі (4.5) мен 15 $см^3$ петройлейн эфирін (4.6) ғана пайдалану керек. Диэтил эфирін қолдану арқылы алдыңғы шайғындаудан кейін май шайғындауға арналған түтікшеден фитингіні жылжыту уақытында фитингінің ішкі ұзын межебалдағын шаю қажет.

Б.2.5.3 Үшінші шайғындауды этанол қоспай, Б.2.5.5 - Б.2.5.10 қарастырылғандарды қайталап орындау керек. Тағы да 15 $см^3$ диэтил эфирі (4.5) мен 15 $см^3$ петройлейн эфирін (4.6) ғана пайдалану керек. Диэтил эфирін қолдану арқылы фитингінің ішкі ұзын межебалдағын Б.2.5.12 сипатталғандай етіп шаю керек.

ЕСКЕРТПЕ Үшінші шайғындау майдың массалық үлесі 5 %-дан кем болатын өнімдер үшін өткізілуі мүмкін.

Б.2.5.4 Процесті 8.4.14 – 8.4.16 белгіленгендей етіп жалғастырады.

Библиография

[1] ISO 707:2008 Milk and milk products - Guidance on sampling (Сүт және сүт өнімдері – Сынамаларды іріктеу бойынша нұсқау).

ӘОЖ 637.143.2:637.041:543.557:006.354(574) МСЖ5.060

Түйінді сөздер: майдың құрамы, гравиметриялық әдіс, принцип, реактивтер, процедура, аспаптар, сынақ үлгісі



ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Молоко сухое и сухие молочные продукты

ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ЖИРА

Гравиметрический метод (Контрольный метод)

СТ РК ИСО 1736-2009

ISO 1736:2008 Dried milk and dried milk products - determination of fat content – gravimetric method (reference method), IDT

Издание официальное

Комитет по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан (Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» и техническим комитетом по стандартизации № 44 «Технолог» (товарищество с ограниченной ответственностью «Эксперт-Консалтинг»)

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом Председателя Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 17 августа 2009 года № 418-од

3 Настоящий стандарт идентичен к международному стандарту ISO 1736:2008 Dried milk and dried milk products - determination of fat content – gravimetric method (reference method) (Молоко сухое и сухие молочные продукты. Определение содержания жира. Гравиметрический метод (Контрольный метод), с дополнительными требованиями, которые по тексту выделены курсивом

4 В настоящем стандарте реализованы нормы закона Республики Казахстан «О техническом регулировании».

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ **2014 год**
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ **5 лет**

6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений – в ежемесячно информационных указателях «Государственный стандарты». В случае пересмотра (отмены) или замены настоящего стандарта соответствующая информация будет опубликовано в информационном указателе «Государственные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Принцип	3
4	Реактивы	3
5	Приборы	4
6	Отбор проб	6
7	Приготовление испытательного образца	6
8	Порядок проведения	6
9	Обработка результатов	11
10	Точность	11
11	Оформление результатов контроля	12
	Приложение А (обязательное) Примечания к процедурам	13
